



Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Ғарыш жөніндегі кеңес құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 31 қазандағы N 1087 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 140 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 27.03.2017 № 140 қаулысымен.

"2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 352 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Ғарыш жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған:
 - 1) Кеңес туралы ереже;
 - 2) Кеңестің құрамы бекітілсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 31 қазандағы
N 1087 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Ғарыш жөніндегі кеңес туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Ғарыш жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасының ұлттық және ақпараттық қауіпсіздігін, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуын нығайту үшін маңызды стратегиялық мәні бар ірі ғарыштық бағдарламалар мен

жобаларды іске асыруға бағытталған ұсыныстарды әзірлеуге жауапты консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, " Ғарыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері мен осы Ережені басшылыққа алады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 794 қаулысымен.

2. Кеңестің міндеттері мен функциялары

3. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту үшін ғылым, білім, өндіріс пен қаржы-кредит саласын ықпалдастыруды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) экологиялық қауіпсіздік проблемаларын шешу, табиғи апаттар туралы ескерту және қысылтаяң жағдайларда құтқару үшін ғарыш құралдарын пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3) ғарыш қызметін дамыту үшін "Байқоңыр" кешенін, мемлекеттік ресурстарды тиімді пайдалану және сыртқы инвестицияларды тарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

4) Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық прогресі мен ұлттық қауіпсіздігі мүддесі үшін ғарыш саласындағы ғылым жетістіктерін және жаңа технологияларды пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

5) ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін сақтау, қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

6) ғарыш қызметін дамытудың басым бағыттарын қолдау жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 794 қаулысымен.

4. Кеңестің функциялары:

1) ғарыш қызметі саласында жұмыс істейтін қызметкерлерді әлеуметтік қорғау және зияткерлік меншікті құқықтық қорғау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) ғарыш қызметі саласы үшін кадрларды даярлау, қайта даярлау, олардың біліктілігін арттыру жүйесін құру және космонавтика жетістіктерін насихаттау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

3) Қазақстанның қорғаныс кешенін конверсиялау және оның ғылыми және материалдық-техникалық әлеуетін ғарыштық аспап құрастыруда тиімді пайдалану жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

4) ғарыш саласындағы халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың неғұрлым перспективалы және тиімді бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу;

5) "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуі жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

6) әлеуетті құрылымдарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ғарыш жүйелерін құру және қолдану бойынша өзара іс-қимыл жасауының тетіктерін әзірлеу;

7) ғарыш жүйелеріне қойылатын негізгі талаптарды айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

8) ғарыш технологияларын енгізу және ғарыш аппараттарын оңтайлы жүктеу жөнінде шаралар әзірлеу.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 794 қаулысымен.

5. Кеңестің:

ғарыш қызметі саласында ірі бағдарламалар мен жобаларды іске асыру барысын тыңдауға;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне ғарыш қызметін дамыту мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

мемлекеттік органдардан қажетті материалдар мен құжаттарды сұратуға және алуға құқығы бар.

3. Кеңестің қызметін ұйымдастыру

6. Кеңесті төраға - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары басқарады. Кеңестің құрамына Кеңес төрағасының орынбасары, Кеңес хатшысы және мүшелері кіреді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

7-тармаққа өзгерту енгізу көзделген - ҚР Үкіметінің 2010.06.18 № 615 Қаулысымен (жариялануға жатпайды).

7. Кеңестің төрағасы Кеңес қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады оның жұмысын жоспарлайды және қабылданатын шешімдердің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды айқындайды.

Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары орындайды.

Кеңестің құрамына Ішкі істер, Сыртқы істер, Ұлттық экономика, Қорғаныс, Инвестициялар және даму, Білім және ғылым, Ауыл шаруашылығы, Қаржы министрліктерінің бірінші басшылары, Әділет министрінің орынбасары, Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының ғарыш қызметі мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары (келісім бойынша), Инвестициялар және даму министрлігінің Аэроғарыш комитетінің төрағасы, сондай-ақ "Байқоңыр" кешеніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің арнаулы өкілі (келісім бойынша) кіреді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.15. N 1087; 05.08.2013 № 794; 09.04.2014 N 329; 04.09.2014 N 970 қаулыларымен.

8. Кеңес отырысы өткізілгеннен кейін Кеңес хатшысы хаттама ресімдейді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

9. Кеңестің отырысы жылына кемінде екі рет өткізіледі. Кеңес құрамының 1/3 бөлігі әрбір екі жылда жаңартылып отырады.

Егер Кеңестің отырысына Кеңестің бекітілген тізімдік құрамының кемінде 2/3-і қатысса, ол заңды болады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

10. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

Кеңестің жұмыс органы Кеңес жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде Кеңес отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар Кеңес отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасымен қоса Кеңес мүшелеріне жіберілуге тиіс.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.

11. Кеңестің шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оларға қатысып отырған Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру Кеңестің отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) сәйкес нысан бойынша дауыс беру парағын толтыру жолымен өткізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Кеңес мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде жазылуы және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген Кеңестің есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Кеңес отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парақтарының негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен хатшы қол қояды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, Кеңес хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парағын Кеңес мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Кеңес мүшелері дауыс беру парағын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап береді.

Ескерту. Ереже 11-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

12. Дауыс беру парақтарымен қоса, Кеңес материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды Кеңестің жұмыс органы жүзеге асырады.

Ескерту. Ереже 12-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 31 қазандағы
N 1087 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Ғарыш жөніндегі кеңестің құрамы

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Аэроғарыш комитеті төрағасының орынбасары, хатшы
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі
Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының
орынбасары (келісім бойынша)
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Аэроғарыш
комитетінің төрағасы
"Байқоңыр" кешеніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің арнаулы
өкілі (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК